

«Келісілді»

Атырау облысының  
қорғаныс істер жөніндегі  
департамент бастығы полковник  
полковник \_\_ Б. Акбалиев

«\_\_» \_\_\_\_\_ ЖЫЛ

«Бекітемін»

Атырау аймақтық дене  
тәрбиесі және спортты  
дамыту орталығының  
директоры \_\_\_\_ С.Жекенов

«\_\_» \_\_\_\_\_ ЖЫЛ

## Әскери - патриоттық клубтардың «Саптық дайындық» байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже әскери-патриоттық клубтарының облыстық «Саптық дайындық» байқауының ақтық мәресінің (бұдан әрі – Облыстық байқау) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруды анықтайды.

1.2. Облыстық байқаудың мақсаты: Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру.

1.3. Облыстық байқаудың міндеттері:

-саптық байқау негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

-салауатты өмір салтын қалыптастыру және әскери қызметті насихаттау;

-өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

-әскери-патриоттық клубтар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

1.4. Әділ қазылар алқасының құрамын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы қалыптастырады.

1.5. Облыстық байқаудың ұйымдастырушылары Ұйымдастыру комитетін қалыптастырады.

### 2. Облыстық байқаудың уақыты мен орны

2.1. Облыстық байқаудың Атырау облысының Атырау қаласында, 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_ күні №\_\_ мектеп базасында өткізіледі. Келу күні – 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_, қайту күні – \_\_ \_\_.

2.2. Аудандардың, Атырау қаласының білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі қойылған байқауға қатысу туралы өтініш (1-қосымшаға сәйкес) 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_ дейін келесі мекен-жай бойынша:

060011 Атырау қ., Әйтеке би, 22, Kabinet\_nvp@mail.ru электронды поштасына қабылданады, телефон: 8 (7122) 27-24-09.

### **3. Облыстық байқауға қатысушылар**

3.1. Облыстық байқаудың ақтық мәресіне аудан, қалаларда өткізілген әскери патриоттық клубтардың жеңімпаз командалары қатысады.

Команда құрамында 11 адам: 11 қатысушы (7 ұл, 4 қыз) және бір жетекші.

3.2. Облыстық байқауды өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік аудандардың, қалалардың білім бөлімдері анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

3.3. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің байқаудың аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша Облыстық байқауға қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, оқу орны, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы дәрігер рұқсаты қолы және мөрімен расталған, қауіпсіздік ережесімен танысқаны, топ жетекшілерінің аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ұялы телефондары және фотосуреті бар білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан жеке анықтама);

3) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

4) ата-аналардың сенімхаттары.

5) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

3.4. Әрбір қатысушылардың барлығында:

әскери киім үлгісі: салтанатты (сол жеңінде эмблема мен ерекшелік белгісі бар) немесе далалық (камуфляж) формасы болуы тиіс;

3.5. Әрбір команда дәріхана қорапшасын алып келуі тиіс.

### **4. Облыстық байқауды өткізу шарттары мен тәртібі**

4.1. Балаларды бұқаралық іс-шараларға араластыру арқылы байқау төрт кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – мектепшілік;

2) екінші кезең – топтық;

3) үшінші кезең - аудандық (қалалық);

4) төртінші кезең – облыстық.

**Байқаудың ашылу салтанатында командалар топ жетекшілерінің бастауымен бөлімше құрамында салтанатты маршпен жүріп өтіп,**

**қозғалыстағы әскери сәлемдесуді жасайды. Міндетті түрде жетекші парадтық әскери киім үлгісінде болуы тиіс.**

4.2 Облыстық байқау келесі жарыс түрлері бойынша өткізіледі.

1. Командалар қару-жарақсыз саптық әдіс-тәсілдерді орындайды.

1) Команда алаңның ортасына шығады және 1 қатарға тұрғызылады.

2) Команданың дайындығы туралы есебі және баяндалуы. Сәлемдесу.

Команда жетекшісіне есеп беріледі.

3) Бір қатысушының (қыз бала) саптан шығуы, қатарға тұруы. Бір қатысушының (ұл бала) саптан шығуы, басшыға баруы және қатарға тұруы.

4) Бөлімшенің ортадан жазылуы, бөлімшенің ортаға жинақталуы.

5) Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа тұрғызу.

6) Орнында бұрылулар: "Оң-ҒА", "Сол-ҒА", "Артқа БҰРЫЛ" командалары бойынша орындалады.

7) Саптық адыммен қозғалыс жасау. Қозғалыстағы бұрылудың 3 элементін орындау жеткілікті. Қозғалыста бұрылулар мынадай командалар бойынша орындалады: "Оң-ҒА", "Сол-ҒА", "Артқа бұрыла - БАС"

8) Бөлімше командирінің бастауымен бөлімше құрамында салтанатты маршпен жүріп өту, қозғалыстағы әскери сәлемдесу.

9) Бұйрықтарды бөлімше командирі береді, бағаланады «Үздік командир» номинациясы бойынша анықталады.

10) Бөлімше құрамында командалық әнді орындаумен жүріп өту.

**Міндетті шарт – командаларды мемлекеттік тілде ұсыну.**

2. Командалардың ту тобының жүріп, өтуі бағаланады.

1) Қатысушы командалар өз туларымен келуі және командалардың атрибутикасы (шеврон, эмблема және т.б) болуы тиіс.

3. Орнында қарумен тәсілдерді орындау. Әр командадан бір ұл, бір қыз бала орындайды. Әр команда қаруды өздері алып, келуі тиіс.

1) «ҚАРУҒА» және одан кейін «ҚАРУЛАН». Қарумен саптық қалып .

2) «Қарубауды - ҰЗАРТ (ҚЫСҚАРТ)» командасы. Қарумен саптық қалып.

3) «Қаруды арқа-ҒА» командасы. «Қаруды - қарубау-ҒА» командасы.

4) "Қаруды кеуде-ҒЕ" командасы . «Қаруды - қарубау-ҒА» командасы.

## **5. Қаржы шығындары және марапаттау**

Қатысушылардың шығыны (жолы, тамағы, жататын орны) жіберуші мекеме есебінен. Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

**Ұйымдастырушы:** Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының алғашқы әскери дайындық кабинеті

Үлгі

**Әскери-патриоттық клубтардың облыстық «Саптық дайындық»  
байқауына қатысуға**

**ӨТІНІШ**

Білім беру ұйымы \_\_\_\_\_

(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы \_\_\_\_\_

Команда жетекшісі \_\_\_\_\_

(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)


**Қатысушылар тізімі**

<b>№ р/ р</b>	<b>Аты-жөні, тегі (толығымен)</b>	<b>Туған күні</b>	<b>Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді</b>	<b>Оқу орны. Байланыс телефоны</b>	<b>Дәрігердің қолы, мөрі</b>	<b>Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы</b>
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

**Ескерту:** команда жетекшілері жоғарыда аталған телефон нөмері мен электрондық пошта мекен-жайына (поезд, автокөлік) баратын күні мен уақыты туралы бір апта бұрын Атырау аймақтақ дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына хабарлауы қажет.

**Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің  
әскери-патриоттық клубтарының облыстық «Саптық дайындық»  
байқауына қатысушының  
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



*М.О*  
*(бұрышына мектептің, колледждің  
мәрі басылады)*

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Туған жыл \_\_\_\_\_

Оқу орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры (колледж)

\_\_\_\_\_  
*(Т.А.Ә. қолы)*

